

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 15 мамырдағы № 64 шешімі.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 4 және 7-тармақтарына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық жүйесі туралы ережені басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **ш е ш і т і**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 54 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышына қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 16 мамырдағы
№ 64 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының сыныптауышына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. I бөлімнің 1-кестесінің "ВУ" бөлімінде:

а) ВУ1050000 коды бар позиция алып тасталсын;

б) ВУ3020000 коды бар позициядағы ұйымдық-құқықтық нысан атауындағы "қолданыстағы" деген сөз мемлекеттік тілде өзгермейді.

2. II бөлімде:

а) 3-графадағы 5-позициядағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"ЕК 049-2023 (ред. 1)";

б) 3-графаның 6-позициясындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 54 шешімі";

в) 3-графаның 7-позициясындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"2019 жылғы 5 мамырдағы";

г) 22 -позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"22

Өзгерістер

өзгерістер Еуразиялық
экономикалық комиссия
Алқасының 2023 жылғы 16
мамырдағы № 64 шешімі күшіне
енген күнінен бастап күшіне енеді;
сенімді көздердердің біріндегі
өзгерістер ескеріле отырып,
сыныптауыштан жекелеген
позициялар алып тасталды және
сыныптауыштың жекелеген
позицияларының атаулары
нақтыланды;
өзгерістер Еуразиялық
экономикалық комиссия
Алқасының 2023 жылғы 16
мамырдағы № 64 шешімімен
енгізіледі

3. 5-кестенің "Көпт." графасындағы III бөлімде:

а) 1.3.3.3 и 1.3.3.3.3 позициялардағы "0..*" саны "1..*" санымен ауыстырылсын;

б) 1.3.3.3.1, 1.3.3.3.2, 1.3.3.3.3.1 и 1.3.3.3.3.2 позициялардағы "1" саны "0..1" санымен ауыстырылсын.